

## Хаттама № 7

Ақсуат аудандық қоғамдық кеңестің кезекті отрысы 20 қазан 2022 жылы өтті. Қоғамдық кеңеске қоғамдық кеңес мүшелері толық қатынасты.(11 адам) Шақырумен тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы,жол аушылар көлігі,автомобиль жолдары,сәулет құрлыс бөлімінің басшысы С.С.Смағұлов қатынасты.

### Қоғамдық кеңесте қаралатын мәселелер:

1. Ақсуат аудандық Желі техника участогінің бастығы Е Рахметжановтың ауылдық елді мекендерді интернет желісімен қамтамасыз етуде атқарып отырған жұмыстарының жәйі туралы. (Хабарламашы мекеме басшысы Ержан Рахметжанов ,қосымша хабарламашы Ақсуат ауданы желі пайдаланушыларға қызмет көрсету мекемесінің бас маманы Данияр Қатпин ) .
- 2.Ақсуат ауданына қарасты Көкжыра ауылының шекарасын бекіту (Ауыл әкімі А.Абылаев)

### Тыңдалды:

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша** мекеме басшылары Е. Рахметжанов, Д.Қатпин хабарлама жасады.

### Қойылған сұрақтар:

- 1.Кемербаев Бақытжан– қоғамдық кеңес мүшесі. Қызыл кесік,Үш төбе, Кіндікті,Жәнтікей ауылдарына интернет желісі қашан орнатылады?
- 2.Тоқтабаев Ерлан- қоғамдық кеңес мүшесі. Жалпы аудан көлемінде интернет желісі жақсы жағдайда деп айта алмаймын,келешекте бұл мәселе жөнінде қандай жопарларыңыз бар?
- 3.Қабышев Бағлан- қоғамдық кеңес мүшесі.Ауылдардың барлығына радио желісі тартыла ма?
4. Аққазин Ахмет-қоғамдық кеңес мүшесі Жалпы интернетті дамыту деген программа жоқ па?

Сұрақтарға толық жауап берілді.

### Жарыс сөз.

1.**С.Смағұлов** – бөлім басшысы. Мен жаңағы қойылған сұрақтарға қосымша мынандай мәселелерді айтқым келеді. 2023 жылы Қызыл кесікке екі үлкен антенна қойылады,ол Жәнтікей, Үш төбе, Қызыл кесікті қамтамасыз етеді,сонымен қатар Кіндікті ауылына сондай қарымы күшті антенна қойылады. Ол Қожакелді сол сияқты маңайындағы шағын ауылдарды қамтиды .Сонда 2023 жылы аудандағы елді мекендерді толық интернетпен қамтылады деп отырмыз.

**2. Жансұлтанов Мейрамбек** - қоғамдық кеңес мүшесі. Жалпы интернет мәселесі қазіргі таңда қол жетімді емес, әсіресе оқушы балаларға қиын. Биыл мектеп бітіретіндер қазір қала далаға интернет үшін кетіп жатыр. Мынандай дамыған заманда интернетке тәуелділік басым жағдайда, бұл шаруаны тез арада олга алу керек. Менің жаңағы мекеме басшыларының сөзінен ұққаным олардың барлығы ауыл әкімдерінің белсенді жұмыс жасауына байланысты сияқты. Себебі қайсыбір ауылдарда интернет жақы жұмыс істеп тұр, қайсыбір ауылдарда мүлде жоқ. Сол себепті ауыл әкімдерін қимылдату керек.

**3. Ерғали Жұмахан** – қоғамдық кеңес төрағасы. Жалпы бүгін күн тәтібіне байланысты өте жақсы пікірлер айтылды, біз ауылдағы қауымдастықтың жұмысын ширатуымыз керек, қауымдастық туралы заңды қарап, оның жұмысын жолға қою керек. Ол тәуелсіз ұйым, ешкімге бағынышты емес, десе де жұмысы қазіргі күде жақсы жүріп тұр деп айта алмайын. Сол себепті бұлардың басын қосып бір семинар кеңес өткізу керек пе, қандай ұсыныстарыңыз болады?

**4. Жәлелбеков Совет** - қоғамдық кеңес мүшесі. Менің ұсынысым, аудан орталығында, ауылдардағы әр көшеде көше комитеттері құрылып жұмыс жасауы керек. Өткен жолы облыс әкімі келегенде біз естімедік, қатыса алмай қалдық деген өкпе реніштер айтылды. бүкіл халық клуб үйіне сыймайды ғой, сол себепті көше комитеттері құрылса әр көшеден ондай жиындарға өкілдер қатысады. Халықтың ұсыныс пікірлерін солар жеткізеді. Көше комитеттерінің басшылығына сол көшеде тұратын, халықтың арасында беделі бар, сөйлей алатын, сауатты адамдар болса. Міне сонда жиындарда халықтың ойында жүрген мәселелер сол адамдар арқылы билікке, тиісті орындарға жететін болады.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Көкжыра ауылының әкімі **А. Абылаев** хабарлап өтті.

#### **Сұрақтар:**

**Б. Кемербаев** – Бұл мәселе жөнінде Сатпаев ауылының халқы хабардар ма, ешқандай дау- дамай болмайтын шығар, бұл жаңа ауылдың шекарасына байланысты ғой?

#### **Жарыс сөз:**

**Қабышев Б** – Бұл мәселе Сатпаев ауылының халқына ескертілуі керек, бұл жерде ешқандай дау дамай жоқ. Карта ескі, бұрынғы Көкжыраның жері Сатпаевқа өтіп тұр. Сол себепті бүгін бұл мәселе толық шешілмейді. Бұны ауылдық қауымдастықта қарап, шешімін сіздерге айтатын боламыз.

**Қоғамдық кеңес төмендегідей шешім қабылдады.**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша елді мекендерді интернет желісімен қамтамасыз ету мәселесін тиісті орындарға жеткізіп, шешуін қамтамасыз ету.

2. Осы мәселенің орындалуы туралы қоғамдық кеңеске **6 айдан** кейін жазбаша хабарлама беру мекеме басшылығына міндеттелсін.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тыңдап талқылай келе **Көкжыра** елді мекенінің шекарасын бекіту аудандық мәслихат сессиясына ұсынылып бекітілсін.

Қоғамдық кеңестің хатшысы



А.Иманғалиева